

"Субсидиялар мөлшерін есептеуді қоса алғанда, әмбебап қызмет көрсету операторларын айқындау жөніндегі конкурсты өткізу қағидаларын және уәкілетті органның байланыс операторларына әмбебап қызметтер көрсету жөніндегі міндетті жүктеу тәртібін, байланыс операторларына қойылатын байланыстың әмбебап қызметтерін көрсету жөніндегі талаптарды, байланыстың әмбебап көрсетілетін қызметтерінің тізбесін бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 238 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 11 маусымдағы № 371 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 17 тамыздағы № 691 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.08.2023 № 691 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Субсидиялар мөлшерін есептеуді қоса алғанда, әмбебап қызмет көрсету операторларын айқындау жөніндегі конкурсты өткізу қағидаларын және уәкілетті органның байланыс операторларына әмбебап қызметтер көрсету жөніндегі міндетті жүктеу тәртібін, байланыс операторларына қойылатын байланыстың әмбебап қызметтерін көрсету жөніндегі талаптарды, байланыстың әмбебап көрсетілетін қызметтерінің тізбесін бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 238 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2017 ж., № 17, 119-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Субсидиялар мөлшерін есептеуді қоса алғанда, әмбебап қызмет көрсету операторларын айқындау жөніндегі конкурсты өткізу қағидаларында және уәкілетті органның байланыс операторларына әмбебап қызметтер көрсету жөніндегі міндетті жүктеу тәртібінде:

5-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Ұйымдастырушы конкурсты ашық тәсілмен байланыстың әмбебап қызметтерін көрсету жылының алдындағы жылдың 4-тоқсанында өткізеді, оған байланыс операторларына қатысуға рұқсат етіледі.";

15-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексіне сәйкес төлеу мерзімі ұзартылған жағдайларды қоспағанда, конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашатын күннің алдындағы үш айдан астам уақыт ішінде салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ немесе бар екендігі туралы (тиісті салық органының белгіленген нысандағы анықтамасы) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы куәландырған электрондық құжаттың қағаздағы көшірмесін;"

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Ұйымдастырушы конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталған күннен бастап күнтізбелік 5 күн ішінде құжаттарды конкурстық комиссияға жібереді.";

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"28. Конкурстық комиссия 5 жұмыс күні ішінде конкурстық өтінімдерді бағалайды, байланыстың әмбебап қызметтерін көрсету жөніндегі байланыс операторларына қойылатын талаптарға сәйкестігін, құжаттардың толықтығын салыстырады және жеңіп шыққан конкурстық өтінімді айқындайды.";

30 және 31-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Ұйымдастырушы конкурс қорытындылары шығарылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде конкурстың атауын, жеңімпазын және оның мекенжайын, конкурс жеңімпазы ұсынған субсидиялардың атауы мен мөлшерін көрсете отырып, өз интернет-ресурсында конкурс нәтижелерін жариялау арқылы барлық қатысқан байланыс операторларына хабарлайды.

Байланыстың әмбебап қызметтерінің құнын субсидиялау туралы шарт конкурс жеңімпазына хабарлағаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде, бірақ байланыстың әмбебап қызметтерін көрсету жылының алдындағы жылдың 31 желтоқсанынан кешіктірілмей жасалады.

31. Байланыстың әмбебап қызметтерінің құнын субсидиялау туралы шарт жасалған сәтінен бастап күшіне енеді."

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин